

Пресс-релиз

Астана қ., 29 сәуір 2014 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2014 жылдың қаңтар-наурыз айларындағы қаржы-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметі бойынша қорытындысын хабарлайды

Бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау және айдаудың көлемі 12 млн. 714 мың тоннаны құрады, 2013 жылдың I тоқсанынан 6% төмен. Сонымен қоса шоғырландырылған мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мен айдаудың көлемі 15 млн. 488 мың тоннаны құрады, бұл 2013 жылдың I тоқсанының ұқсас көрсеткішінен 8,6% төмен.

Мұнайдың жүк айналымы бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша 8 млрд. 941 млн. тонна-километрді құрады, бұл 2013 жылдың I тоқсанының ұқсас көрсеткішінен 3% төмен. Ал шоғырландырылған айналымы 11 млрд. 79 млн. тонна-километрді құрады, бұл 2013 жылдың I тоқсанының ұқсас көрсеткішінен 1,8% төмен.

«ҚазТрансОйл» АҚ Қазақстанның Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына Астрахань – Маңғыстау суағызғысы арқылы су беру көлемі 5 млн. 429 мың текше метр болды, бұл 2013 жылдың I тоқсанының ұқсас көрсеткішінен 6% жоғары.

Бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша 2014 жылдың I тоқсанның кіріс көлемі 41 млрд. 352 млн. теңгені құрады, бұл 2013 жылдың I тоқсанының ұқсас көрсеткішінен 0,4% төмен.

Бөлек «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша 2014 жылдың I тоқсанның қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ таза пайдасы 15 млрд. 139 млн. теңгені құрады, бұл 2013 жылдың I тоқсанының көрсеткішінен 9,6 % төмен.

Инвесторлармен байланыс қызметі «ҚазТрансОйл» АҚ